

**6D021300 – «Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
МАЗИБАЕВА ЖАНАР ОРАЛХАНҚЫЗЫНЫҢ
«Т.Ахметжан шығармаларындағы
«Ар» концептісінің тілдік-танымдық сипаты»
тақырыбындағы диссертациясына
АҢДАТПА**

Зерттеу тақырыбы: «Т.Ахметжан шығармаларындағы «Ар» концептісінің тілдік-танымдық сипаты»

Зерттеу мақсаты – ұлттық мәдени құндылықтар мен қоғамдық нормалар негізінде қалыптасқан «Ар» концептісін жазушы Талаптан Ахметжан шығармалары аясында талдай отырып, адамзат болмысының рухани қасиетінің көрсеткіші болып табылатын «Ар» ұғымын тілдік-танымдық тұрғыдан зерттеп-зерделеу.

Зерттеу міндеттері: аталған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

– көркем шығармаларда қатысымдық бірліктер арқылы бейнеленетін концептілік ұғымдарды анықтау;

– жазушы Т. Ахметжан шығармалары негізінде түзілетін концептуалдық жүйені лингвоконцептология аясында зерттеу арқылы қаламгер туындыларындағы «Ар» концептілік өрісінің мазмұндық шеңберін айқындау;

– жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына «Ар» концептісінің тигізетін ықпалын дәлелдеу және тілдік тұлға мәселесін Т.Ахметжан шығармалары негізінде талдау;

– Ұлттық демократиялық институтта қалыптасқан «Ар» концептісін суреткер туындыларында көрініс тапқан әлеуметтік нормаларға сәйкес зерделеу;

– Т.Ахметжан шығармаларындағы «Ар» концептісінің танымдық философиялық мәнін болмыс пен материя арақатынасы тұрғысынан психолингвистикалық аспектіде қарастыру;

– «Ар» концептісінің Т.Ахметжан еңбектеріндегі вербалдану жолдарын рухани мәдениет тұрғысын бағамдау;

– Т.Ахметжан шығармаларындағы «Ар» концептісінің этнолингвистикалық қырын ұлттық таныммен сабақтастықта зерттеу;

– Т.Ахметжан шығармаларындағы «Ар» концептісін теолингвистикалық тұрғыдан саралау.

Зерттеу әдістері. Жұмыста тілдік деректерді мағыналық-мазмұндық жағынан іріктеу, жинақтау, сараптау, амалдары іске асырылды. Сол сияқты қатысымдық бірліктерді семантикалық талдау әдісі, концептуалдық жүйелеу әдісі, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық талдау әдістері қолданылды.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы. Зерттеу барысында анықталған тұжырымдар мен алынған нәтижелер тілдік тұлға теориясын тереңдетуге, лингвоконцептология және этнолингвистика салаларын дамытуға үлес қосады. Т.Ахметжан шығармаларындағы «Ар» концептісінің вербалдануында жұмсалған тілдік бірліктер қоғамда қалыптасқан мәдени құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды игеруге ықпал етеді. Жеке тұлғаның адами болмысын бейнелейтін қатысымдық бірліктер мен концептілік ұғымдар қазақ халқының этникалық сапасын, ұлттық санасы мен болмысын тануға мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы. Зерттеу барысында ұсынылған талдау үлгілері, сауалнама нәтижелері бүгінгі қазақ тілін қолданушылардың таным түсінігіндегі *ар*, *ұят*, *намыс* мәселесін айқындайтын қатысымдық бірліктерді анықтап, тілдің қазіргі жай-күйін зерттеп, меңгеруге әсер етеді.

Диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен талдау нәтижелерін қазақ тіліндегі концепт ұғымдарын оқытуға байланысты пәндерден дәріс оқуда, тілдік тұлға теориясын зерттеу мәселесіне қатысты оқу құралдарын жазуда пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар)

Ар-намыс ұғымы – мәдени құндылықтарды, қоғамдық нормаларды, жеке тұлғаның адами болмысы мен азаматтық келбетін бейнелейтін ерекше күрделі мәселе. Адамның психикасы мен қоғамдық даму динамикасын терең зерттеген танымал жазушы Т.Ахметжанның еңбектерінде ар-намыс ұғымы сан алуан мағыналық реңктерді бейнелейтін іргелі тақырып ретінде жан-жақты қарастырылады. Зерттеу жұмысында Т.Ахметжанның әдеби шығармашылығы тақырып аясында терең қарастырылып, қаламгер қолтаңбасын айғақтайтын ар-намыс ұғымының мәні ашылып, «Ар» концептісі қатысымдық бірліктер деңгейінде сөз болады.

Т.Ахметжанның ар-намысты бейнелеуде адамгершілік, парыз және адалдық тақырыптарын астастыра байланыстырады. Ол өз кейіпкерлері арқылы жеке ар-намыс пен қоғамның мақсат-мүддесі арасындағы тепе-теңдікті әлеуметтік себеп-салдар есебінде негізге алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Т. Ахметжан шығармаларындағы ар, намыс, ұят ұғымдарының вербалдану жолдары қазақ тіліндегі «Ар» концептісін жан-жақты сипаттайды.

2. Т.Ахметжан өз шығармаларында шығармашыл тұлғалардың ішкі қақтығыстарын зерттеп-зерделеп, ар-намыстың қиыншылықтарға қарсы тұрудағы нәзік қырларын бейнелі жағдаяттар арқылы нақты көрсетеді.

3. «Ар» концептісі психологиялық тереңдікке толы, күрделі ұғымдар жиынтығы болғандықтан, қаламгер намыстың жеке басқа тигізетін психологиялық әсеріне зер салып, мақтаныш, ұят және жеке тұлғаны қалыптастыру арасындағы өзара әрекеттестікті ашады.

4. Зерттеу жұмысында ұлттық демократиялық институтта қалыптасқан «Ар» концептісін әлеуметтік нормалардағы «Ар» концептісімен сабақтастыра

зерттеудің гуманитарлық ғылымдар дамуындағы маңызы зор екені дәйектеледі.

5. Т.Ахметжан шығармаларындағы «Ар» концептісінің танымдық-философиялық мәні интеллектуал ұлт өкілін тәрбиелеу мен қалыптастыру барысында назар аударуды қажет ететін қоғамдық мәселе болып табылады.

6. Т.Ахметжан шығармаларындағы «Ар» концептісінің теолингвистикалық, танымдық қыры тілдің рухани-танымдық болмысын ашады.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын және ғылыми даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін негіздеу:

Зерттеу жұмысы қазіргі заманғы білім беру парадигмаларына, қазақ тіл білімінің өзекті даму бағыттарына, осы салаға қатысты Қазақстан ғалымдарының зерттеулеріне, тіл білімінің лингвомәдениеттану, этнолингвистика, психолінгвистика салалары бойынша ғылыми-зерттеу еңбектеріне, жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес келеді. Сонымен қатар жұмыс мынадай *мемлекеттік бағдарламалар мен стандарттарға сәйкес дайындалды:*

- Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

- Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі (диссертация авторы жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген):

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда 9 мақалада жарияланып, халықаралық конференцияда апробациядан өтті. Оның ішінде:

Scopus деректер қоры базасына кіретін басылымда – 1 мақала:

1. Mazibayeva Z. The Modern Linguocognitive Aspect of the Concept of “conscience” in the Human Worldview. Journal of Psycholinguistic Reseconsiencech. Published: 23 August 2023. Volume 52, pages 2393–2404. <https://link.springer.com/conscienceticle/10.1007/s10936-023-0005-0>

(Докторанттың үлесі 100%).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енген журналдарда 4 мақала жарияланды:

2. Т.Ахметжан шығармаларындағы фразеологизмдердің тілдік табиғаты Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2019. - No1(67). -61-66 б. ISSN - 1728-7804.

(Докторанттың үлесі 100%);

3. Т.Ахметжан шығармаларындағы Ар концептісінің репрезентациясы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020. - №3(73). -116-122 б. ISSN - 1728-7804 (Докторанттың үлесі 100%);

4. Т.Ахметжан шығармаларындағы рухани тілдік бірліктердің өзектілігі. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми журнал. – Алматы, 2020. – №6/1. 334-340 б. ISSN - 2073-333X (Докторанттың үлесі 100%);

5. Mazibayeva Zh.O., Orazbayeva F.Sh. The Problem of a Linguistic Personality in the Works by Talaptan Akhmetzhan. Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. “Филология ғылымдары” сериясы. Алматы, 2023. - №3 (70) 5-10 - 187-200б. ISSN 2411-8745(Print); ISSN 2709-9245 (Online) (Докторанттың үлесі 80%, Бірлескен автор 20%);

6. Метафоралардың тілдік-танымдық өзегі (Т.Ахметжан шығармалары негізінде). «Рәбиға Сыздық феномені: қазақ тіл білімінің бүгінгі мен болашағы» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Абай атындағы ҚазҰПУ, 22 қараша,-Алматы: 2019 – 126-129 бб. ISBN 978-601-298-836-9 (Докторанттың үлесі 100%);

7. Тенеулердің құрылымдық және танымдық сипаты (Т.Ахметжан шығармалары негізінде). «Коммуникативтік лингвистика және сөзтаным» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Абай атындағы ҚазҰПУ, 29 қараша, - Алматы: 2019 110-114 бб. ISSN 978-601-298-839-0 (Докторанттың үлесі 100%);

8. Т.Ахметжан шығармаларындағы «ар» концептісінің когнитивтік моделі. «Қазақ тіл білімі және оқыту әдістемесі: өзекті мәселелер мен заманауи даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары: – Алматы: КИМЭП университеті, 2022. – 225 б. 90-97 бб. (Докторанттың үлесі 100%);

9. Көркем шығарма тілін оқылым әрекеті арқылы меңгерту (Жазушы Т.Ахметжан шығармалары бойынша). «Global science and innovations 2022: Central Asia». Series "Philological science" I-VOLUME. September – Алматы: 2022. No. 3(17). - 36-39 бб. (Докторанттың үлесі 100%);